

Тұрақты экономикалық өсім, мемлекеттік институттар сапасы және тұрақтылық — Қазақстанның артықшылығы

Тақауда ғана мемлекеттер инвестиция тарту үшін арзан жұмыс күші, салықтық жеңілдіктер және табиғи ресурстарға қолжетімді етумен бәсекелесетін. Қазіргі тәртіп өзгеше. Бизнес пандемия, геосаяси дағдарыстар, сондай-ақ жаһандық жеткізу тізбектерінің қайта құрылуы, технологиялық бәсекенің күшеюінен кейін кеңірек ойлана бастады. Енді инвесторларға күтілетін пайда ғана емес, мемлекеттік институттардың сапасы, экономикалық саясаттың болжамдылығы және елдің ұзақ мерзімді тұрақтылықты сақтай алу әлеуеті маңызды. Сенім жаңа экономикалық капиталға айналды. Қаржы тарту құнына, ірі жобалардың іске қосылу мерзімі, халықаралық компаниялардың жаңа өндіріс ашуға дайындығы және инвестициялық тәуекел деңгейіне әсер ететіні де осылар. Алдыңғы сатыға басқару сапасы, шешім қабылдау шапшаңдығы және мемлекеттік саясаттың жүйелілігі шығады.

Мақала авторлары мұндай тенденция Орталық Азия аумағынан тыс жерлерде байқалатынын айтып, Сауд Аравиясы, Үндістан, БАӘ мысалға келтірген. Табиғи ресурстарға бай мемлекеттер шикізаттан шығып, қайта өңдеу, логистика және заманауи өндірісті дамытуға ұмтылып жатыр.

Қазақстан да заманның жаңа талабына лайық деңгейде бәсекелесе алатын елдер қатарына енген. Жылдың алғашқы жартысында негізгі капиталға түскен инвестиция көлемі 9,6% өсіп, \$20 млрд асты, ал жеке инвестиция 21% көбейді.

Бұған қоса Қазақстан Safest Countries for Investors 2026 халықаралық рейтингінде 17 саты жоғарылап, (70-тен 53-ке дейін) Орталық Азия елдері арасында үздік атанды. Елдің әлеуетін халықаралық қаржы институттары да жоғары бағалап отыр. Халықаралық валюта қоры биыл Қазақстанның экономикалық өсімі 4,6% болатынын, ал Дүниежүзілік банк тұрақты өсімнің келер жылдары да сақталатынын болжайды.

Устойчивый рост экономики, качество госинститутов и стабильность — преимущества Казахстана

Еще недавно страны конкурировали за инвестиции с помощью дешевой рабочей силы, налоговых льгот и доступа к природным ресурсам. Сегодня правила изменились. После пандемии, геополитических кризисов, перестройки глобальных цепочек поставок и усиления технологической конкуренции бизнес стал смотреть шире. Для инвесторов важны уже не только ожидаемая прибыль, но и качество государственных институтов, предсказуемость экономической политики и способность страны сохранять стабильность в долгосрочной перспективе.

Доверие стало новым экономическим капиталом. Именно оно влияет на стоимость привлечения финансирования, сроки запуска крупных проектов, готовность международных компаний открывать новые производства и общий уровень инвестиционных рисков. На первый план выходят качество управления, скорость принятия решений и последовательность госполитики. Авторы статьи отмечают, что такая тенденция наблюдается далеко за пределами Центральной Азии, приводя в пример Саудовскую Аравию, Индию, Объединенные Арабские Эмираты. Богатые природными ресурсами страны стремятся выйти за рамки сырьевой специализации, развивая переработку, логистику и современное производство.

На этом фоне Казахстан входит в число стран, которые уверенно конкурируют в новых условиях. В первом полугодии 2026 года объем инвестиций в основной капитал вырос на 9,6% и превысил \$20 млрд, а частные инвестиции увеличились более чем на 21%. Вместе с этим Казахстан поднялся сразу на 17 позиций – с 70-го на 53-е место – в международном рейтинге Safest Countries for Investors 2026, стал лидером среди стран Центральной Азии.

Позитивно оценивают перспективы страны и международные финансовые институты. Международный валютный фонд прогнозирует рост экономики Казахстана на 4,6% в 2026 году, а Всемирный банк ожидает, что устойчивый рост сохранится и в последующие годы.



Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы

17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы. Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Как проверить себя в списках избирателей?

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Каждый гражданин вправе проверить данные о себе в списках избирателей за пятнадцать дней до дня голосования или с 7 августа 2026 года в помещениях избирательных комиссий по месту своего проживания.

На избирательных участках, образованных в воинских частях, отдаленных и труднодоступных районах, в домах отдыха, в санаторно-курортных организациях, в организациях с непрерывно действующим производством, в местах организации труда вахтовым методом, специальных учреждениях, обеспечивающих временную изоляцию от общества, при загранучреждениях Республики Казахстан в иностранных государствах избиратели могут ознакомиться со списками за пять дней до

дня голосования или с 17 августа 2026 года. При невключении, неправильном включении или исключении из списка, а также допущении неточности, гражданин вправе подать заявление в избирательную комиссию о необходимости исправления данных в списках избирателей. Исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно. В случае отклонения заявления избирательная комиссия безотлагательно выдает гражданину копию мотивированного решения об отклонении его заявления. Решение может быть обжаловано в суде по месту нахождения избирательной комиссии, суд рассматривает жалобу в день ее поступления. Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

Егіндікел аудандық территориялық сайлау комиссиясының қаражатынан төленді

Рейтингтер үндескенде: инвесторлар Қазақстанға неге сенеді

Қазақстан Орталық Азиядағы ірі тікелей шетелдік инвестиция тартушы ел мәртебесін сақтап отыр. Өңірдегі тікелей шетелдік инвестицияның басым бөлігі бізге тиесілі.

Тәуелсіз халықаралық рейтингтер инвесторлар үшін басты бағдардың бірі саналады. Бұлар елдің экономикалық тұрақтылығын бағамдап, тәуекел деңгейі мен ұзақ мерзімді инвестиция шартын пысықтауға көмектеседі.

Міне, үш бірдей жетекші жаһандық рейтинг агенттіктері Қазақстанның инвестициялық мәртебесін нақтылады.

- S&P Global Ratings – BBB, тұрақты болжам.
- Moody's – Baa1, оң болжам.

Мақала авторларының пайымынша, ірі агенттіктер ұқсас баға берсе, ел экономикасы мен мемлекеттік қаржының тұрақты көрсеткішін айғақтайды.

Басқа да халықаралық зерттеулер оң динамиканы көрсетіп отыр.

IMD World Competitiveness Ranking рейтингінде Қазақстан былтырғы көрсеткішін 2023 жылғы 37 орыннан 34 орынға дейін жақсартты. Global Peace

Index 2025 бойынша еліміз 61-нші орыннан 56 орынға көтерілді. Бұл халықаралық бизнес үшін ұзақ мерзімді тәуекелдердің азайғанын аңғартады. Sustainable Development Report бойынша Қазақстан 169 елдің ішінде 67 орынға көтерілді. Бұл индекс экономикалық даму, білім, денсаулық сақтау, экология, мемлекеттік институттар сапасы және халықтың әл-ауқаты сияқты 123 көрсеткішті қамтиды. Ол бойынша Қазақстан Түркия, Үндістан, Индонезия, Мексика, Сауд Аравиясы және Оңтүстік Африка сияқты ірі дамушы экономиканы озып отыр.

Авторлар бұл рейтингтердің өз алдына мақсат еместігін алға тартты. Олар елге тәуелсіз баға беруге көмектеседі, инвесторлар үшін тәуекелдерді азайтады, капитал тарту құнын төмендетіп, халықаралық компаниялардың елде жаңа жобаларды іске қосуға қызығушылығын арттырады.

Заманауи әлемдік экономикада сенім де жеке ресурсқа айналып жатыр. Ол капиталдың қайта кетіп жатқанына және экономиканың қалай қарқынды дамып жатқанына ықпал етеді дейді Investing.com авторлары.

**Қазақстанда Құрылтай
депутаттарын сайлауға
дайындық жүріп жатыр**

Халықаралық сарапшылар Құрылтай сайлауын тек ел ішіндегі маңызды саяси оқиға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның халықаралық аренадағы беделіне ықпал етуі мүмкін маңызды фактор ретінде бағалайды. Олардың айтуынша, Қазақстан Қытай, АҚШ, Ресей және Еуропалық одақ елдері үшін маңызды серіктес саналады. Сондықтан парламент сайлауының табысты өтуі халықаралық

серіктестердің сенімін нығайту тұрғысынан да ерекше мәнге ие.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан бірнеше жыл бұрын басталған реформалар бағытын дәйекті түрде жалғастырып келеді. Алдағы сайлау Қазақстан азаматтарына заманауи демократиялық мемлекетті одан әрі дамытуға өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

Какие полномочия получит Курултай?

После вступления в силу новой Конституции, новый представительный орган — Курултай — получит широкий круг полномочий. Именно депутаты Курултая будут:

- принимать законы, включая конституционные,
- утверждать республиканский бюджет,
- устанавливать налоги и обязательные платежи,
- рассматривать вопросы социальной, экономической и экологической политики.

В компетенцию Курултая также войдут вопросы образования, здравоохранения, социальной защиты населения, обороны, международных договоров и развития регионов. Депутаты смогут выступать с законодательными инициативами, проводить парламентские слушания, заслушивать членов Правительства и контролировать исполнение бюджета.

Құрылтай қандай өкілеттіктерге ие болады?

Жаңа Конституция күшіне енгеннен кейін жаңа өкілді орган — Құрылтайға кең ауқымды өкілеттіктер беріледі. Құрылтай депутаттары: * заңдарды, оның ішінде конституциялық заңдарды қабылдайды; * республикалық бюджетті бекітеді; * салықтар мен міндетті төлемдерді белгілейді; * әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саясат мәселелерін қарайды.

Сондай-ақ Құрылтайдың құзыретіне білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, қорғаныс, халықаралық шарттар және өңірлерді дамыту мәселелері де кіреді. Депутаттар заң шығару бастамасын көтере алады, парламенттік тыңдаулар өткізеді, Үкімет мүшелерінің есебін тыңдайды және бюджеттің орындалуына бақылау жасайды.

Құрылтай депутаттарын сайлау күні ел бойынша 10 мыңнан астам сайлау учаскесі жұмыс істейді. Оның ішінде 80-нен астамы шетелде орналасады. Сарапшылар қазақстандықтарды сайлауға жауапкершілікпен қатысуға шақырады. Себебі Құрылтайдың жаңа құрамы елдің болашақ дамуына ықпал ететін маңызды шешімдер қабылдайды. Олардың айтуынша, бір палаталы Құрылтайға

көшу — атаудың өзгеруі ғана емес, саяси жүйені жан-жақты жаңғыртуға бағытталған қадам. Соның нәтижесінде заңдар жедел әрі тиімді қабылданып, артық бюрократиялық рәсімдер азаяды. Сондай-ақ сарапшылар Құрылтайдың жаңа құрамы саясатқа жаңа буынның келуіне және тың бастамалардың жүзеге асуына жол ашады деп есептейді.

В день выборов депутатов Курултая по всей стране будут работать более десяти тысяч избирательных участков. В том числе более 80 — за рубежом.

Эксперты призывают казахстанцев ответственно подойти к выборам, ведь именно новый состав Курултая будет принимать решения, которые повлияют на развитие страны.

По их словам, переход к однопалатному Курултаю — это не просто смена названия, а глубокая модернизация. Законы будут приниматься быстрее и эффективнее, что поможет избежать лишней бюрократии.

Также эксперты считают, что новый состав Курултая откроет дорогу новому поколению политиков и свежим идеям.

**Құрылтай сайлауына бір айға
жетер-жетпес уақыт қалды. Нені білу керек?**

Құрылтай — заң қабылдайтын, республикалық бюджетті бекітетін және елдің экономикалық әрі әлеуметтік саясатына ықпал ететін бір палаталы заң шығарушы орган. Құрылтай құрамына партиялық тізім бойынша сайланатын 145 депутат кіреді. Партия қанша көп дауыс жинаса, сонша көп депутаттық мандатқа ие болады. Сайлау бюллетенінде саяси партиялардың атауы

мынадай ретпен орналастырылады:

- * «Әділет» партиясы;
- * Жалпыұлттық социал-демократиялық партия;
- * Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы;
- * Қазақстан Халық партиясы;
- * «Ауыл» партиясы;
- * «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы;
- * «Respublica» партиясы.

**До выборов в Курултай осталось
меньше месяца. Что нужно знать?**

Курултай — это однопалатный законодательный орган, который будет принимать законы, утверждать бюджет и влиять на экономическую и социальную политику страны. В Курултай войдут 145 депутатов, которых изберут по партийным спискам. Чем больше голосов получает партия, тем больше мест ей достаётся. Наименования политических партий в

избирательном бюллетене будут располагаться в следующем порядке:
- Партия «Әділет»
- Общенациональная социал-демократическая партия
- Казахстанская партия зелёных «Байтақ»
- Народная партия Казахстана
- Партия «Ауыл»
- Демократическая партия Казахстана «Ақ жол»
- Партия «Respublica».

Қазақстанда Құрылтай депутаттарын сайлауға дайындық жүріп жатыр. 7 тамыздан бастап қазақстандықтар сайлаушылар тізіміне енгізілген-енгізілмегенін және жеке деректерінің дұрыс көрсетілгенін тексере алады.

Әрбір азамат сайлаушылар тізіміне енгізілмеген, қате енгізілген, тізімнен шығарылған немесе тегі, аты-жөні мен басқа да деректерінде қателік кеткен жағдайда учаскелік сайлау комиссиясына жүгінуге құқылы.

Азаматтар өздерінің сайлаушылар тізіміне енгізілгені туралы мәліметті және дауыс беретін учаскесінің мекенжайын жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстары арқылы қашықтан біле алады. Сонымен қатар сайлаушылар тізіміне енгізілу туралы ақпарат облыстар, қалалар және аудандар әкімдіктері жанынан құрылған call-орталықтар арқылы да ұсынылады

В Казахстане готовятся к выборам депутатов Курултая. С седьмого августа казахстанцы смогут проверить, включены ли они в список и правильно ли указаны их персональные данные. Каждый гражданин вправе обратиться в участковую избирательную комиссию, если его не включили в список, внесли ошибочно, исключили из него либо допустили неточности в фамилии, имени или других данных.

Узнать, включен ли гражданин в список избирателей, а также найти адрес своего участка можно будет дистанционно через интернет-ресурсы местных исполнительных органов. Кроме того, сведения о включении в списки будут предоставлять call-центры, созданные при акиматах областей, городов и районов.

Қазақстанда сайлауалды үгіт-насихат науқаны қарқын алып келеді. Кандидаттар теледебаттарға белсенді қатысып, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеп қана қоймай, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларды да кеңінен пайдаланып жатыр. Сонымен қатар сарапшылар қазақстандықтарды сайлау кезеңінде тек ресми ақпаратқа ғана сенуге шақырды. Олардың айтуынша, сайлау науқаны басталғалы бері жалған ақпарат тарату жағдайлары айтарлықтай көбейген. Интернетте кандидаттардың суреттері заңсыз пайдаланылған жазбалар жиі жарияланып жатыр. Сарапшылардың еске салуынша, дипфейктерді жасау және тарату үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Агитационная кампания в Казахстане набирает обороты. Кандидаты активно участвуют в теледебатах, выступают в традиционных СМИ и всё чаще задействуют социальные сети и цифровые платформы.

В то же время эксперты призвали казахстанцев в периодвыборовполагатьсятольконаофициальную информацию. По их словам, с началом электорального периода заметно участились случаи распространения фейковых новостей. В интернете регулярно появляются посты с незаконно используемыми изображениями кандидатов. Эксперты напоминают: за создание и распространение дипфейков предусмотрена уголовная ответственность.

«Сен 18 жасқа толдың. Енді саған көлік басқаруға сенім артады, өйткені сен шешім қабылдауға, жауапкершілік алуға және қай бағытта жүру керектігін таңдауға дайынсың. Дәл осы жаста сен тағы бір маңызды құқыққа ие боласың — дауыс беру құқығына. Бұл — еліміздің қай бағытта дамитынын таңдауға мүмкіндік. 18 жас — өз таңдауыңа жауапкершілікпен қарайтын кезең. Жаңаруды таңда!»
Осындай үндеумен Орталық сайлау комиссиясы қазақстандық жастарға жүгінді. Сонымен қатар комиссия сайлаушылар тізіміне енгізу тіркелген мекенжай бойынша автоматты түрде жүзеге асырылатынын еске салды.

ЖАҢА ЗАҢ - МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТТЕГІ ТАРИХИ БЕТБҰРЫС

Мемлекеттің қуаты мен азаматтардың әл-ауқаты әрқашан мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілік деңгейімен өлшенеді. Сол себепті кадрлық әлеуетті шыңдау мен олардың кәсіби шеберлігін арттыруға ерекше екіпін беру - басты басымдықтардың бірі. Осы орайда биылғы жыл еліміздің мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту бағытындағы түбегейлі бетбұрыстар кезеңі ретінде тарихқа енбек. Ең әуелі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен қолданыстағы заңнамаға, құқықтық актілерге терең сараптама жасалып, азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің ұсыныстары мен өтініштеріне терең талдау жүргізілді. Дамыған елдердің озық үлгілері мен тиімді басқару модельдері зерделенді. Осынау кешенді ізденістер мен ауқымды дайындық жұмыстарының нәтижесінде, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы уақыт тынысына сай жаңарту жаңа серпінмен қолға алынды. Атап айтқанда, 2026 жылғы 19 мамырда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында қабылданған осынау жаңа заңнамалық өзгерістер мемлекеттік қызметтің мазмұны мен философиясын түбегейлі жаңартты.

Реформаның басты өзегі – құжат айналымынан гөрі бұқараның мәселесін шешуді алдына мақсат қоятын, бюрократия мен формализмнен ада «сервистік мемлекет» моделіне көшу. Осыған орай, заңда алғаш рет мемлекеттік қызметшінің кәсіби, әдептік келбеті мен қоғам алдындағы жауапкершілігі нақты бекітіліп, клиентке бағдарлану, ашықтық және тиімді коммуникация сияқты талаптар күшейтілді. Нәтижесінде, лауазым иелері құрғақ әмір жүргізуші емес, халық пен билік арасындағы алтын көпірге, шынайы сенім өкіліне айналады.

Жаңа заңнамалық актіде құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларына басымдық беріліп, мемлекеттік органдар құрылымында арнайы профилактикалық қызметтер мен мемлекеттік қызметшілердің құқықтық кепілдіктерін қорғау тетіктерін енгізу көзделген. Әдеп жөніндегі уәкілдердің мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайту арқылы мемлекеттік аппараттағы әділдік пен ұйымдық мәдениетті арттыру, сондай-ақ ішкі корпоративтік сенімді нығайту көзделеді. Тұтастай алғанда, бұл құжат мемлекеттік қызмет жүйесін сапалық тұрғыдан жаңғыртудың құқықтық негізі, ал оның стратегиялық мақсаты - халықтың билік институттарына деген сенімін нығайта отырып, адамға бағдарланған, ашық, кәсіби және сервистік модельдегі мемлекеттік аппаратты қалыптастыру болып табылады. Баршаға мәлім, 2023 жылы Ақмола облысы елімізде алғаш болып мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеудің жаңа, заманауи жүйесін сәтті сынақтан өткізді. Бұл жаңашылдық аясында бос лауазымдарға арналған жалпы конкурстар кедергісіз, тікелей eqyzmet.gov.

kz бірыңғай порталында, толықтай онлайн режимде жүзеге асырыла бастады. Бүгінгі таңда заңнамалық деңгейдегі тың өзгерістер арқылы мемлекеттік қызметтегі кадрлық процестерді жаппай цифрландыру көзделіп отыр. Бұл реформаның арқалаған жүгі де, көздеген мақсаты да ауқымды. Оның негізгі өзегі - басқару жүйесіндегі ашықтықты барынша арттыру, шешім қабылдау тұсындағы «адам факторын» жою және нағыз біліктілердің бағын жандыратын меритократия қағидатын берік орнықтыру. Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы бос тұрған лауазымдарға конкурстардың ешбір адами араласусыз, автоматты түрде жарияланып отыруы - мемлекеттік аппараттың жеделдігін арттырмақ. Бұл қадамдар білімді, жігерлі және бәсекеге қабілетті азаматтардың мемлекеттік қызметке еш кедергісіз келуіне даңғыл жол ашып, ел басқару ісіне жаңа серпін бермек. Бүгінгі таңда елімізде жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында жүзеге асырылып жатқан реформалар өзінің оң нәтижелерін көрсетуде. Кадрлық әлеуетті арттыру мақсатында енгізілген жаңа тетіктер тәжірибеде тиімді қолданыс тауып отыр. Мәселен, қабылданған шаралардың аясында жоғары оқу орындарын мемлекеттік грант негізінде үздік тәмамдаған 42 түлек Ақмола облысының аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдарына конкурс өткізілместен, тікелей лауазымдарға тағайындалды. Оған қоса, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жоғары үлгерім көрсеткен 5 түлек те конкурстан тыс іріктеу арқылы түрлі жауапты мемлекеттік қызметтерге қабылданды.

Жаңа заңнама бұл механизмдерді сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, заң шеңберінде арнайы «мемлекеттік қызметке даярлау институты» құрылды. Буын аралық сабақтастықты қамтамасыз ететін бұл жүйе болашақ басқарушы кадрларды ерте жастан - мектеп қабырғасынан, жоғары оқу орындарынан және кәсіби даярлық деңгейлерінен бастап мақсатты түрде қалыптастыруды көздейді. Бұл бастама мемлекеттік мүдде мен ұлттық құндылықтарды терең түсінетін, бәсекеге қабілетті және жаңашыл ойлай алатын заманауи басқарушылардың жаңа толқынын тәрбиелеуге бағытталған стратегиялық қадам болып табылады.

Қалыптасу мен дамудың маңызды кезеңдерінен өткен отандық мемлекеттік қызмет жүйесі бүгінде ашықтық, сервистік сипат, ұтқырлық, клиентке бағдарлану, сондай-ақ цифрландыру және бюрократиядан арылу деңгейіне көтерілгенімен, алдағы уақытта әлі де ауқымды стратегиялық міндеттерді еңсеруді талап етеді. Жаңа заң осы бағыттағы мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін жол ашпақ.

Нұрқат Тұрғанұлы Батырқұлов,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша
департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі
кеңес төрағасы.

Назар аударыңыз, жазылу жүріп жатыр!

Біздің газетке жазылуды кез-келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Басылымға жазылудың біржылдық бағасы жеке тұлғалар үшін 2219 теңге, заңды тұлғалар үшін 2819 теңге. Газеттің шығу мерзімі - аптасына бір рет, дүйсенбі күндері. Газеттің электрондық нұсқасына жазылуды редакцияның бухгалтериясында рәсімдеуге болады. Сіз газеттің шығарылымын PDF форматында өзіңіздің электрондық поштаңыздың мекен-жайына газетті баспаханаға тапсыру кезінде ала-аласыз. Газеттің электрондық нұсқасына жазылымның бағасы -1000 теңге. Газеттің жартыжылдық жазылымын редакциядан алу (Победа көшесі,7) -1300 теңге. Жазылымның бұл нұсқасын Сіз редакцияның

бухгалтериясында рәсімдей аласыз. Егер де сіз біздің газетке жазылып, ол сізге келмесе немесе барлық нөмірлері бірдей келмесе, осы факт туралы «Алтын астық» редакциясына: 2-13-69 телефоны бойынша хабарласуыңызды өтінеміз. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көреді. Сіз біздің газеттен өзіңізге қызықты әрі пайдалы мәліметтер аласыз, аудан жаңалықтарын білетін боласыз, өзіңіздің және әріптестеріңіздің фотосуреті мен материалдарын көре аласыз! Біздің газет Егіндікөл ауданының тыныс- тіршілігіне немқұрайлы қарамайтын барлық жандар үшін үлкен сүйіспеншілікпен шығарылады.

Будь здоров

Туберкулез
Проверьте свои симптомы:
когда вы в последний раз делали
флюорографию?

Туберкулез – это инфекционное (заразное) заболевание, которое развивается при проникновении в организм туберкулезных бактерий. При этом в основном поражаются – легкие. Может быть туберкулез мозга, костей, суставов и других органов. Сегодня доказано, что туберкулез можно излечить.

Каким образом происходит заражение туберкулезом?

Туберкулезные бактерии переносятся по воздуху. При дыхании попадают в легкие, если организм ослабленный. Происходит заражение, разрушаются ткани, формируются участки распада, так называемые каверны, в которых содержатся миллионы бактерии. Туберкулезные бактерии выделяются в окружающую среду при кашле, чихании, разговоре. Бактерии могут находиться в воздухе в течение нескольких часов. Если больной с открытой (заразной) формой туберкулеза находится в плохо проветриваемом помещении (в квартире, в рабочем кабинете, транспорте) в этом воздухе бактерии становится настолько много, что их вдыхают другие окружающие люди. Это главный путь инфицирования (заражения) туберкулезом. Поэтому никто не защищен от инфицирования туберкулезными бактериями, ведь воздух является единым для всех людей. Туберкулезом можно заразиться в любом возрасте, но особенно опасно для детей и взрослых людей с ослабленным организмом. Туберкулезные бактерии отличаются большой стойкостью во внешней среде. В уличной пыли бактерии сохраняются до 10 дней, на страницах книг могут оставаться жизнеспособными до 3-х месяцев, на одежде и белье 3-4 месяца, в воде до 5-ти месяцев.

Существенное значение при заражении туберкулезом имеют ряд факторов:

- неблагоприятная социально-бытовая среда;
- неполноценное питание;
- стрессы;
- вредные привычки (алкоголь, курение, наркотики).

Основные клинические проявления туберкулеза

- Медленное нарастание слабости
- Утомляемость
- Потеря аппетита, веса
- Потливость утром и вечером
- Кашель более двух недель вплоть до кровохаркания
- Подъем температуры в вечерние часы до 37.2-37.8 градусов

Поэтому при появлении таких симптомов необходимо немедленно обратиться за медицинской помощью.

Профилактика:

- здоровый образ жизни - достаточное употребление в пищу мяса, молочных продуктов, рыбы, овощей и фруктов, регулярная физическая активность, полноценный отдых, отказ от курения, употребления алкоголя и наркотиков;
- обязательная вакцинация БЦЖ при рождении и ревакцинации в 1-ом классе. БЦЖ вакцина надежно защищает организм от тяжелых форм туберкулеза;
- соблюдение правил личной гигиены – мытье рук, посуды с использованием моющих средств;
- влажная уборка и проветривание жилых помещений;
- обязательная термическая обработка мяса и молока.
- Один раз в год обязательно флюорографию
-

А.Сеилова,
Специалист ОПП Астраханского районного
отделения «НЦЭ»

Егіндікөлде жаңа сауда маркеті ашылды

Егіндікөл ауылында тұрғындарға қолайлы жағдай жасайтын тағы бір жаңа нысан – «Мариям» сауда маркеті өз жұмысын бастады. Кәсіпкер Құттыбаева Айгүл Әмірбайқызы бұрынғы ескі ғимаратты толықтай күрделі жөндеуден өткізіп, заман талабына сай жаңартып, ауыл тұрғындарына жаңа форматтағы сауда орнын ұсынды. Жаңа маркеттің ашылуы аудан тұрғындары мен қонақтары үшін қуанышты жаңалық болды. Салтанатты шараға аудан әкімі Юрий Курушин, аудан тұрғындары, кәсіпкерлер мен қонақтар қатысты. Ашылу рәсімінде аудан басшысы кәсіпкердің еңбегіне жоғары баға беріп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып отырған үлесі үшін алғысын білдірді. Дәстүрге сай жаңа нысанның лентасын Егіндікөл ауданының әкімі Юрий Курушин қиып, кәсіп иесіне сәттілік пен берекелі жұмыс тіледі. «Мариям» сауда маркеті – тұрғындардың күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларды бір жерден

табуына мүмкіндік беретін заманауи сауда орны. Мұнда жаңа піскен нан және нан өнімдері, сүт тағамдары, ет өнімдері, тәттілер, түрлі сусындар, бакалея өнімдері, тұрмыстық химия, жеке бас гигиенасына арналған заттар, ас үй бұйымдары, көрпе-жастықтар, төсек-орын жабдықтары, балаларға арналған тауарлар, сондай-ақ үйге қажетті көптеген бұйымдар кеңінен ұсынылған. Маркеттің ерекше артықшылықтарының бірі – балғын жеміс-жидек пен көкөністердің мол таңдауы. Сапалы әрі күн сайын жаңартылып отыратын өнімдер сатып алушылардың көңілінен шығып үлгерді. Сонымен қатар барлық тауарлар қолжетімді бағамен ұсынылып, әрбір тұтынушы өзіне қажетті дүниені тиімді бағамен сатып ала алады. Кең сауда залы, тауарлардың ұқыпты орналасуы, сатып алушыларға жайлы жағдай жасалуы және қызмет көрсету мәдениеті – «Мариям» маркетінің басты ерекшеліктерінің бірі. Мұнда әрбір келушінің уақытын

үнемдеп, сапалы қызмет алуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Ескі ғимаратқа жаңа өмір сыйлап, ауылдың сәулеттік келбетін жақсартқан кәсіпкердің бұл бастамасы жаңа жұмыс орындарының ашылуына да септігін тигізді. Осындай игі жобалар жергілікті кәсіпкерліктің дамуына серпін беріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді. «Мариям» сауда маркетінің ашылуы – Егіндікөл ауданы үшін маңызды оқиғалардың бірі. Бұл – ауыл тұрғындарына көрсетілетін қызмет сапасының артып, кәсіпкерліктің қарқынды дамып келе жатқанын айғақтайтын жарқын мысал. Жаңа сауда орны алдағы уақытта да сапалы қызмет көрсетіп, тұрғындардың сенімінен шығады деген сенім мол.

Балшых Ахмарал



Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшых Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу күәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.